

## *1 ТАҚЫРЫП. Бюджет және мемлекеттің бюджеттік қызметі*

Мемлекеттік қаржылық қатынастарды реттеу саласындағы құрылымын: Қазақстан Республикасының Президенті; Қазақстан Республикасының Парламенті; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті; Қазақстан Республикасының Үкіметі. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган. Қаржылық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган. Қаржыны атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган. Мәслихат; Жергілікті атқарушы орган және тағы басқа органдар құрайды. Қазақстан Республикасының Президентінің құзыреті. Қазақстан Республикасының Президенті қаржылық қатынастарды реттеу саласында: республикалық бюджетті әзірлеу және оның атқарылуы туралы есеп беру тәртібін айқындайды. Республикалық бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды. Қазақстан Республикасының аумағында төтенше мемлекеттік бюджетті енгізу туралы шешім қабылдайды және оны әзірлеу тәртібін айқындайды. Мемлекеттік жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауда алдағы жылға арналған Қазақстан Республикасының бюджет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес құрады және ол туралы ережені бекітеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде, сондай-ақ оны пайдаланудың көлемі мен бағыттары жөнінде шешімдер қабылдайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы есептерді бекітеді. Ұлттық Банктің қызметін қадағалайды, есебін бекітеді, төрағасын тағайындайды және босатады. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Парламенті қаржылық қатынастарды реттеу саласында:

Республикалық бюджетті, сондай-ақ республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді. Қазақстан Республикасының Парламенті қаржы саласын реттейтін, атап айтсақ бюджет, салық, кеден, валюталық, сақтандыру, құнды қағаздар тағы басқа қаржылар жөнінде заңдарды қабылдап оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Қазақстан Республикасының Парламенті Қазақстан Республикасының Үкіметінің төрағасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің төрағасын тағайындауға келісім береді. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында:

Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүргізу тәртібін белгілейді;

Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік қаржы бақылауының стандарттарын әзірлейді, сондай-ақ оларды бекітеді және олардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асырады;

Төтенше мемлекеттік бюджеттің атқарылуына бақылауды жүзеге асырады;

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық қатынастарды реттеу саласында: Қазақстан Республикасының Парламентіне республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді. Жергілікті ақша қаражат қорларының жобаларын әзірлеу тәртібін айқындайды; Республикалық қаржының атқарылуын қамтамасыз етеді, республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару тәртібін айқындайды; тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулы қабылдайды; қарыз алуды жүзеге асырады; шикізат секторы ұйымдарының тізбесін бекітеді; орта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеу тәртібін айқындайды; қаржылық инвестициялық жобаларды қарау тәртібін айқындайды. Салықтық емес түсімдерді алуға жауапты және олардың түсуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесін, оларды бюджетке аудару тәртібін айқындайды. Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру қажеттік туралы шешімдер қабылдайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру тәртібін, мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік берген қарыздарды алу, пайдалану, өту және оларға қызмет көрсету, оларды тіркеу мен есепке алу, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың мониторингі мен оны басқару тәртібін айқындайды. Мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалған тауарларды өткізуден түсетін ақшаны пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервін пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Қазақстан

Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін рұқсат етілген қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүліктің тізбесін айқындайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы аудиттің өткізілуін қамтамасыз етеді. Төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке қаржыларды алып қоюлардың және жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге қаржылық субвенцияларды аударудың тәртібі мен кезеңділігін айқындайды: Жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемдері есептерінің әдістемесін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясатын бекітеді затта нормаларды бекітеді. Бірыңғай сыныптаманы бекітеді және оны жасау тәртібін айқындайды; Қаржылық бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібін айқындайды. Орталық атқарушы органдардың сондай-ақ олардың аумақтық органдарының және оларға ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санына лимитін бекітеді. Жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымын және жергілікті атқарушы органдардың штат саны лимитін бекітеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімі фискалдық саясатының жобасын әзірлейді; тиісті қаржы жылына арналған республикалық қаржы туралы, қаржыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын әзірлейді және оларды қарауға Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді; тиісті қаржы жылына арналған республикалық қаржы туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді; қаржылық өтінім жасаудың және табыс тәртібін айқындайды; мемлекеттік мекемелердің өз иелегінде қалатын тауарларды өткізуден түсетін түсімдер мен ақша шығыстарының болжамын жасау нысанын белгілейді; бюджет түсімдерін болжау әдістемесін айқындайды; бірыңғай бюджет сыныптамасының жобасын әзірлейді; жылдық қаржыландыру жоспарын әзірлейді және бекітеді. республикалық қаржыны нақтылау жөнінде ұсыныстар енгізеді; қаржылық бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік қарыз алуды және борышты жоспарлау мен талдау жүзеге асырады. Бюджеттік кредиттеуді жоспарлау мен талдауды жүзеге асырады.

Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қаржылық қатынастарды реттеу саласында:

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының жобасын әзірлейді.

Басым қаржылық инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырады.

Гранттарды тартуға басымдылығы бар өтінімдердің тізбесін қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді.

Қаржылық инвестициялар мен гранттардың тиімділігін бағалауды жүргізеді.

Қаржының атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган:

Республикалық қаржыны атқарады және жергілікті қаржылардың атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын әзірлеуге қатысады.

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық қаржы туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеуге қатысады.

Қаржылық қорға түсетін түсімдерді болжауға және мемлекеттік қаржыға кірістердің түсуі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдықтарын айқындауға қатысады.

Республикалық қаржылық қордың түсімдері мен оны қаржыландырудың жиынтық жоспарларын бекітеді және оларға өзгерістер енгізеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар береді.

Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асырады

Уақытша бос бюджеттік ақшаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға орналастырады;

Банктік шоттардан шетел валютасын қайта айырбастау тәртібін айқындайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жабу және жүргізу тәртібін айқындайды.

Бюджеттік есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды.

Есептік жасаудың және табыс етудің тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын алады, пайдаланады тіркейді, өтейді және оларға қызмет көрсетеді, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өзі шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуды жүзеге асырады.

Мемлекеттік емес қарыздардың мемлекеттік кепілдіктері бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді,

Бюджет қаражатын игеру мониторингін жүзеге асырады.

Республикалық бюджеттің атқарылуы барысында республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджеттік есепке алу есептілік жөніндегі әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша келіссөздер жүргізеді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздар шарттарына қол қояды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығарады, мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарына және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсетуге екінші деңгейдегі банктерді конкурстық негізде айқындайды және оларға уәкілеттік береді.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджет кредиттерінің берілуін, оларға қызмет көрсетілуін және олардың нысаналы пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады, олардың есепке алынуын, мониторингін және қайтарылуы қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкесітігіне ішкі бақылауды жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы ол бойынша есеп және есептілік жүргізу гранттардың мемлекет кепілдік қарыздардың мемлекет активтердің мемлекеттік мекемелердің тауарлар сатуынан түскен өз иеліктерінде қалатын ақшаның пайдаланылуы бөлігінде Қазақстан Республикасының заңдары талаптарының бұзылу себептеріне баға береді.

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан әкімдігі: жергілікті бюджет жобасын әзірлейді және оны мәслихатқа табыс етеді.

Жергілікті бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді және мәслихатқа оның атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді.

Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы жергілікті өкілді органның шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдайды.

Жергілікті атқарушы органның орта мерзімді фискалдық саясатын бекітеді.

Экономикалық бюджеттік жоспарлау бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарды құрады.

Облыстың республикалық маңызы бар қаланың астананың ауданның бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды.

Бюджеттік комиссия- бюджет жобасын уақытылы және сапалы әзірлеу мен бюджетті нақтылау және атқару жөнінде ұсыныстар жасауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын комиссия.

Республикалық бюджетті комиссия және облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың астананың ауданның бюджеттік комиссиялары өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

Бюджеттік комиссиялардың құзыретіне: алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясат жөнінде ұсыныстар талдап-жасау; тиісті қаржы жылына арналған бюджеттер жобаларының көрсеткіштерін айқындау жөнінде ұсыныстар талдап-жасау.

Алдағы үш жылдық кезеңде және жоспарланып отырған қаржы жылында қаржыландыруға арналған бюджеттік бағдарламаларды іріктеу орта мерзімді фискалдық саясатты негізге ала отырып, оларды іске асыру тетігін айқындай жөнінде ұсыныстар талдап-жасау.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе түсімдерін қысқартуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар талдап-жасау.

Тиісті қаржы жылына арналған бюджеттерді нақтылау жөнінде ұсыныстар талдап-жасау.

Бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалау нәтижелерін қарау және сролар бойынша ұсыныстар талдап-жасау.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдар тиісінше бюджеттік комиссияның отырыстарын өткізеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және комиссия жүзеге асыратын қызметке жауапты болады.

Бюджеттік комиссияның төрағасы болмаған кезде оның функцияларын бюджеттік комиссия төрағасының өзі тағайындаған орынбасары орындайды.

Бюджеттік комиссияның хатшысы бюджеттік комиссияның қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді, бюджеттік комиссия отырыстарының хаттамаларын дайындайды.

Жұмыс органы бюджеттік комиссия айқындайтын мерзімдер мен күн тәртіптеріне сәйкес бюджеттік комиссияның отырыстарына материалдар дайындайды.

Бюджетті жоспарлау жоспарланып отырған кезеңге арналған бюджет түсімдерінің көлемін және басымдықты ескере отырып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттеріне сәйкес оларды пайдалану бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу процесі болып табылады.

Бюджет бір қаржы жылына жоспарланады. Кезекті қаржы жылына арналған бюджеттің жобасымен бір мезгілде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттің болжамы жасалады.

Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясатын Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы жылдың 1 - маусымына дейін бекітеді және ол міндетті түрде жариялануға жатады.

Жергілікті атқарушы органның алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімде фискалдық саясатын жергілікті атқарушы органдар ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін бекітеді және ол міндетті түрде жариялануға жатады.

Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Заттай нормалар – қажетті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді тұтынудың немесе пайдаланудың заттай көрсеткіштері. Заттай нормаларды қолдану бюджетті жоспарлау мен атқарылу кезінде міндетті болып табылады.

Заттай нормаларды орталық мемлекеттік органдар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Орталық мемлекеттік органдар мемлекеттік бюджеттің және республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды көрсеткіштерін есекере отырып, Республикалық бюджет комиссиясының қарауына заттай нормаларды өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстар енгізу құқылы.

Бюджет түсімдерін болжауды республиканың немесе аймақтық орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары және үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясат негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Тауарлардың құны түріндегі бюджетке түсімдерді көрсетуге гранттар алған кезде ғана, сондай-ақ тек Қазақстан Республикасы бектікен халықаралық шартта көзделген жағдайлар жол беріледі.